

**Салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты болған кезде зейнетақы жинақтарын бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорынан біреуіне аудару ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 55 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 848 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 848 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 27-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты болған кезде зейнетақы жинақтарын бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорынан біреуіне аудару ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Ережеге сәйкес рәсімдердің жүргізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2009 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2009 жылғы	26 қаңтардағы
N 55 қаулысымен	
бекітілген	

**Салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты болған кезде зейнетақы**

## **жинақтарын бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорынан біреуіне аудару ережесі**

1. Осы Салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты болған кезде зейнетақы жинақтарын бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорынан біреуіне аудару ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 27-1-бабына сәйкес әзірленді және салымшыда (алушыда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты болған кезде зейнетақы жинақтарын бірнеше зейнетақы қорынан біреуіне аударудың тәртібін айқындайды. V 0 8 5 5 1 7

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - Заңның талаптарындағы функцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген заңды тұлға;

2) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі (бұдан әрі - Бірыңғай тізім) - міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы, жасалған күні анағұрлым кейін шарттар, сондай-ақ Орталықтың дерекқорындағы салымшылар (алушылар) туралы мәліметтер;

3) электронды хабарлама - Орталықтың салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын аудару жөніндегі электронды құжатты;

4) жіберуші қор - Бірыңғай тізімнің негізінде салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына Орталық арқылы аударатын жинақтаушы зейнетақы қоры;

5) алушы қор - салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының аударымы Бірыңғай тізімнің негізінде Орталық арқылы келіп түсетін жинақтаушы зейнетақы қоры.

3. Салымшыда (алушыда) түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты болған кезде зейнетақы жинақтарын бірнеше жинақтаушы зейнетақы қорынан біреуіне аудару рәсімдерінің жүргізілуі Астана қаласының уақытымен 2009 жылғы 4 шілдедегі сағат 18-00-ден 2009 жылғы 7 шілдедегі сағат 9-00-ге дейін жүзеге асырылады.

4. Орталық Бірыңғай тізім деректеріне сәйкес жеке зейнетақы шоттарының жабылғаны және салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын алушы қорға аударудың жүзеге асырылғаны туралы электронды хабарламаларды алушы қорды қоспағанда, барлық жинақтаушы зейнетақы қорларына жібереді.

5. Жіберуші қор зейнетақы жинақтарын есептен шығаруды жүргізеді және салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарын жабады, алушы қорға зейнетақы жинақтарын аудару туралы төлем тапсырмасына салымшылар (алушылар) тізімінің электронды қосымшасын қалыптастырады және оны Орталықтан электронды хабарлама алған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде О р т а л ы қ қ а жі б е р е д і .

Орталық, зейнетақы жинақтарын алушы қорға аудару рәсімі аяқталғанға дейін міндетті зейнетақы жарналары есебінен жаңа жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы Шарт жасасу бөлігінде Бірыңғай тізімге өзгерістер енгізуді жүзеге асырмайды.

6. Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы түрлі жинақтаушы зейнетақы қорларымен жасасқан екі және одан да көп шарты бар салымшыларда (алушыларда) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары болмаған жағдайда жіберуші қорлар нөлдік мән қояды.

7. Орталық жинақтаушы зейнетақы қорларынан келіп түскен ақпаратты өңдейді, өзара есеп айырысу сомасын айқындайды және жабылған жеке зейнетақы шоттары бойынша дерекқорды қалыптастырады.

8. Зейнетақы қорларының салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын аудару кезінде туындаған міндеттемелері бойынша өзара есеп айырысулар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.